



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы

«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,  
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің  
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical  
conference of students  
MATERIALS

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV  
FACULTY OF PHILOLOGY  
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»  
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical conference of students  
MATERIALS**

**Астана қаласы, 2023**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**  
**С37**

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Редакция алқасын басқарған:** Бейсенбай А.Б.  
**Редакция алқасы:** Маликов Қ.Т.  
Саркенова Қ.Қ.  
Өмірбекова Ж.Қ.

**С37**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

**ISBN 978-601-337-820-6**

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

**ISBN 978-601-337-820-6**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

## СИНЕКДОХА МЕН МЕТОНИМИЯНЫҢ ҚАЗАҚ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУ ОРНЫ

Шынтемір Н., Зейдін Ұ.

*nazerkesyntemir0@gmail.com, zejdinu@gmail.com*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
В037-2305-22-01 «Қазақ филологиясы» мамандығының I-курс студенттері  
Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі: Саркенова Қ.Қ.*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада синекдоха мен метонимияның қазақ поэтикасындағы қолданылу орны туралы баяндалған. Академик Мырзатай Серғалиевтың метонимия қызметіндегі атаулардың ауысу реті мен синекдоханың шығу тегі, қолданылу жолдары мен ғалымдардың берген тұжырымдамалары туралы сөз қозғалады. Академик М.Серғалиевтың «Стилистика негіздері» еңбегіндегі ойлары осы мақалада жинақталып, авторлардың мысалдарымен толықтырылды.

**Аннотация:** В данной статье рассказывается о путях употребления синекдохи и метонимии в казахской поэтике. Идет речь об изменении порядка названий в метонимической функции по трудам академика Мырзатая Серғалиева, а также о происхождении синекдохи, способах употребления, и представлены научные исследования ученых. Идеи академика М. Серғалиева из учебника «Основы стилистики» собраны в данной статье и дополнены примерами авторов.

**Abstract:** This article talks about the place of use of synecdoche and metonymy in Kazakh poetics, the order of name changes in the metonymy function of Myrzatay Sergaliev, the origin of synecdoche, ways of use, and the concepts given by scientists. The ideas of M. Sergaliev in the work "Fundamentals of Stylistics" are collected in this article and supplemented with examples of the authors.

Қазақ тіл білімінде және әдебиетінде сөз мағынасын өзгерту арқылы түрлі көркем бейне жасаумен қатар, сөз мағынасын астарлап, өзгертіп жеткізудің көптеген әдістері бар, солардың бірі – синекдоха мен метонимия.

Синекдоха (гректің *synecdoche* – бірге жобалап, нобайлап, шамалап түсіну мағыналы сөзі) – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні немесе керсінше сөз мағынасын алмастыру амалы. Академик М.Серғалиевтың синекдоха тәсіліне қатысты «Синекдоха метонимияның бір түрі ретінде бір зат немесе құбылыстың екінші бір заттың немесе құбылыстың ұқсастығына қарай көркем бейне жасау үшін пайдаланылады» /1,234 б/деген пікірін негіз ете отырып, синекдоханың қолданылу жолдарына мынадай мысалдар келтіруге болады. Мәселен,

Көзіме от жалындай көрінеді-ай,

Қолаң шаш уәдесін үзбеген жер-ай (Халық әні «Балапан қаз»).

Осы жердегі «қолаң шаш» сұлу қыз бейнесін беріп тұр. Яғни, адамның дене мүшесін атағанмен, сол аталған сөз сол адамның ерекшелігін білдіру үшін қолданылады /1, 234/.

Синекдоханың қолданылуын күнделікті өмірден де байқауға болады. Мысалы: біз көп жағдайда «жанұяңда неше адам бар?» немесе «неше балаң бар?» – деудің орнына «басың нешеу?», «неше тұяғың бар?» – дейміз. Бас – адам, тұяқ – бала мағынасында жұмсалып тұрғанын байқауға болады /2,111/.

Академик Мырзатай Серғалиевтың синекдохаға қатысты мысалдарына тоқталсақ: «Ауыл бір сұмдықтың болғанын біле қойды. Еркек кіндік атқа мініп, Көкбөрінің сүйегін жиып

қайтуға шықты» (Ө.Кекілбаев). «Ауыл» сөзі халықты, адамдарды білдірсе, «еркек кіндік» сөзі елін қорғауға дайын ер азаматтарды білдіреді. Сонымен қатар көпшені жекеше ұғым алмастыра алатындығына мысал келтіреді: «Студент екенсің, білімді игеруге белсене кірісуің керек» мысалына қарағанда, мұны бір ғана жігітке немесе бір ғана қызға айтылған ақыл демей, барлық студент атаулыға қатысты деп қабылдау керек /1, 234/.

Көрнекті ғалым, публицист А.Байтұрсынұлы синекдоханы меңзеу деп атап, бір ұғымның орнына екінші ұғымды атау меңзеу болады деп көрсетеді. Мәселен, біз: «бүгін үйге Омарлар келді,» – деп айтамыз, ал «Омарлар» деп отырғанымыз оның анасы, әйелі, балалары. Бұл жерден бөлшектің орнына бүтінді қолдану көрінеді.

Синекдоханың қазақ поэзиясында қолданылу орны айрықша. Синекдоха көркем әдебиетте жағымды да, жағымсыз да эмоция туғызу үшін қолданылады. Қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақындарымыз Қ.Мырзалиев пен М.Мақатаевтың өлеңдерінен алынған синекдохаға тоқтала кетсем:

Жігіттік – керемет бір дара кез,  
Дара кезден түк шығармай барады ез.  
Болу керек жасыл жайлау, ақ отау.  
Ақ отауда болу керек қара көз.

(Қ.Мырзалиев)

Өзің болсаң, тым ағат ойлағансың,  
Бақыт емес басыңа қайғы алғансың.  
Жан едің ғой жаныңның талғамы бар,  
Қара мұртқа қалайша байланғансың?

(М.Мақатаев)

Осы екі үзіндіде де ез, қара көз, жан, қара мұрт сөздер – синекдохалар. Көбінесе «ез» сөзі бұл сын есім, сапалық күйінде келеді, ал бұл жерде сапа емес, зат атауы, адам мағынасында жұмсалып тұр. Ал, қара көз – қыз, жар, әйел адам мағынасын білдіреді. Қара мұрт – ер адам, бүтіннің орнына бөлшекті алу, адамның өзін алмай, оның дене мүшесін, бөлшегін алу арқылы синекдоха жасалып тұр. Бұл үзіндідегі қара мұрт, ез сөздері көркем образды, жағымсыз эмоцияны, сезімді туғызады /3, 20/.

Синекдоха тек қана поэзияда ғана емес, сонымен қатар прозада ерекше көркемдік сипатта көрініс табады. Көркем әдебиетте зат немесе құбылысты өз атыменен атамай, оның басқа белгісімен, бөлшегімен атау синекдохалық мағынаны береді. Синекдоханың қолданылуына Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан мысалдар:

Сол төрт атты шаттан шығып, ылдиға түсе өкшелерін қадады /4,74/.

Қара мұрт Ақбілектің жан-жарасын әлде көзінен оқып білді ме, әлде басқа бір сезім кернеді ме, кім білсін /4, 84/.

Осы үзіндіде берілген төрт атты, қызыл көзді, қара мұрт сөздері – адамды, оның образын, бейнесін көрсету үшін қолданылған. Қызыл көзді пәле, қара мұрт жағымсыз адам бейнесіндегі мағынаны білдіреді.

Жаңа ХХІ ғасыр әдебиетінде синекдоханың қолданысын Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесінен көре аламыз. Т.Әсемқұлов: «Мыңғырған малы болғанмен шықбермес Шығайбайлар, қолында артық дүниесі болмаса да пейілі кең Атымтай жомарт жандар төңірегімізде қаншама. Адамзат баласына жақсы мен жаман, бар мен жоқты бағалауды үйрететін «Перінің қызы Бекторы» ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған замандастарымызға керек-ақ». Яғни, Шықбермес Шығайбай – қайырымсыз, дүниеқоңыз, қызғаншақ адам болмысын білдірсе, Атымтай жомарт – қолы ашық, үнемі басқаларға көмектесіп жүретін, кеңпейілді, қайырымды адам мағынасын білдіреді. Бұл жерде жеке адам аттары жалпы мағынаға ие болып тұр /5, 265/.

Синекдохаға байланысты өз туындымнан шығарған өлеңдерге мысал келтіре кетсем:

Ел ішінде көп құлақ,  
Артыңнан сөз қалмайды.  
Бос әңгіме, бос сұрақ  
Мазанды алып, қоймайды.

Біз бұл өлеңде «көп құлақ» – деп бар ақпаратты, жаңалықты тарататын, сөз тыңдайтын, сыртыңнан сөз айтатын адам мағынасын білдіру мақсатында қолдандық.

Айтшы кәне, қарағым,  
Қалай Алдар боп алдың?  
Адамдарды алдаумен  
Қандай іске жарадың?

Бұл жолда Алдар сөзі – қу, тапқыр адам мағынасын білдіреді. Алдар образы арқылы басқа адамның образын көрсету мақсатында қолданылған.

Келесі кезекте сөз мағынасын өзгертудегі метонимия тәсіліне тоқтала кетсек. «Метонимия» гректің сөзі («metonymia») – бір заттың не құбылыстың атауын екіншісіне алмастырып айту.

Метонимия тәсіліне қатысты К.Аханов: «Бір заттың немесе құбылыстың атауының екінші затқа немесе құбылысқа олардың өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атау болып ауысуы және осыған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмсалудың метонимия» деп көрсетсе, /6,110/ профессор А.Айғабылұлы: «Метонимия іргелес екі заттың не құбылыстың бірінің атауы екіншісіне ауысып айтылуынан пайда болады» – деп ой түйеді.

Академик Мырзатай Серғалиев «Стилистика негіздері» еңбегінде метонимия тәсілінің жасалу жолының тоғыз түрін бөліп көрсетеді. Метонимия қызметіндегі атаулар мынадай реттерде ауысып отырады:

1) бір табақ ет жеді (тамақ), тамақтың орнына ыдыс атауының жұмсалуды: табақ (бір табақ жеді); *Көпей жеңгемнің қолын сағынып жүрмін* (Ғ.Мүсірепов) дегенде қол – дәм, ас орнына қолданылып тұр.

2) заттың орнына оның жасалатын материалының атауы: шыны (шыныға құйды – стаканға құйды, шөлмекке құйды);

3) тұрғындардың орнына қоныс атауы: ауыл (бүкіл ауыл жиналды бүкіл ауыл тұрғындары жиналды);

4) қимылдың орнына қимыл нәтижесінің атауы: аялдама (автобус аялдамаға келді – автобус аялдайтын жерге келді);

5) қатынасушылардың орнына сол әлеуметтік оқиғалар мен шаралардың атауы: конференция (конференция шешім қабылдады – конференцияға қатынасушылар шешім қабылдады);

6) ғылым, білім салаларының орнына сол ғылым, білім салаларының немесе керісінше, ғылым мен білім нысандарының орнына сол ғылым, білім салаларының атауларының қолданылуы: синтаксис (біріншіден, бұл грамматиканың бір саласы ретінде жұмсалады; екіншіден, грамматиканың осы саласын зерттейтін нысандардың атауы ретінде жұмсалады);

7) әлеуметтік ұйым, мекемелердің мүшелерінің орнына сол мекеме, ұйымдардың атаулары пайдаланылады: шаруа қожалығы (шаруа қожалығы көктемгі егіске әзір – шаруа қожалығының еңбеккерлері көктемгі егіске әзір);

8) сезімге әсер ететін оқиғаның орнына эмоциональдық сөздің қолданылуы: тамаша (тамаша болды – тамаша концерт болды);

9) оқиға, шығарманың орнына сол оқиға, шығарманың авторының атауы: Әуезов, Төлебаев (Әуезовті оқыдым – Әуезов әңгімелерін оқыдым; Төлебаевты тыңдадым – Төлебаевтың операсын тыңдадым) /1,233/.

Сөз мағынасын кеңейтіп, оған жаңа поэтикалық мән-мағына үстеуде метонимия ерекше қызмет атқарады. Метонимияға қатысты мысалдар:

1) Үй іші осы әзілмен ілесе тегіс Әйгерімге қарады. Бұл жерде үй іші деп – үйдің ішіндегі адамдарды білдіріп тұр.

2) Қала бүгін той тойлауда. Қала емес, қала халқы той тойлауда.

3) Елді аралап жүргенде, Қайым «Манасты» алпыс күн айтқанын естиді. Манас деп – «Манас» жырын айтқанын білдіреді.

4) Жұрт жазда жиын той болмаса, алыстан бір аса қадірлі қонақ келмесе, бостан-босқа қан шығармайды. Қан шығармау – ет көрмеу, мал соймау деген мағынаны білдіреді.

5) Іздемей-ақ алыстан,

Сылқымдар да табылды.  
Сар масадай жабысқан,  
Жылпындар да табылды.

Мұнда ақын жылпындарды сары масаға теңеп, олардың жағымсыз қасиеттерін әшкерелеген. Сөздікке енген «сары масадай» тұрақты теңеуі метонимияланып отырған сөздің ерекше қасиетін көрсетіп, «жылпындар» метонимиясын қолдануда ақын адам бойындағы кездесетін келеңсіз мінезін негіз етіп алған /2,72/.

Қазақ халқында: «Дастарханның мол екен» – деген тіркесті көп кездестіріп жатамыз. Бұл жерде дастарханның үстіне жабатын шүберекті айтып жатқан жоқ. Дастарханның үстіндегі астың, тамақтың молдығын білдіру мағынасында пайдаланылады. Сонымен қатар орыс тілінде «стол» сөзі «тамақ» деген мағынада қолданылады. Мысалы: богатый стол, диетический стол.

Сөзімізді түйіндей келе, қазақ поэтикасында синекдоха мен метонимия тәсілдерінің қолданысы айырықша мәнге ие. Олар өздерінің көркемдігімен, бейнелілігімен, жинақтылығымен ерекшеленеді. Бұл тәсілдерді ұтымды қолдану арқылы тілдегі сөздік қорды байытып, көркем поэтикалық шығармалардың әсерлілігін, көрнекілігін арттыруға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 273 б.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: "Ер-Дәулет", 2007. – 136 б.
3. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Дәуір-кітап, 2013. – 103 б.
4. Ақтанова А., Жүндібаева А.Қ., ЖүмекеноваЛ.К. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2019. – 272 б.
5. Қазақ әдебиеті. 11 сынып. ҚҒБ Орда. – 316 б.
6. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1965. – 158 б.

## СТИЛИСТИКАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Іздеген З.С.

*zarina.izdegen@mail.ru*

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Филология факультеті  
6В02304 «Қазақ филологиясы» тобының 3-курс студенті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі: Мұратбек Б.Қ.*

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми бағыттағы жобалық мақалада академик Мырзатай Серғалиевтың стилистика зерттеулеріне шолу жасалады. Стилистиканың прагматикалық аспектісі, прагмастилистика, ғалымның бірнеше мысалдарына сүйене отырып, стилистиканың бағыттары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** тіл білімі, стилистика, қазақ стилистикасы, прагматикалық аспекті, коммуникация.

**Аннотация.** В данной научно-ориентированной проектной статье дается обзор стилистических исследований академика Мырзатая Серғалиева. На основе нескольких примеров ученого рассматриваются направления стилистики, прагматический аспект стилистики и прагмастилистики.

**Ключевые слова:** лингвистика, стилистика, стилистика казахского языка, прагматический аспект, коммуникация.